

«Экономика, менеджмент және маркетинг» БББ студенттерінің стартапы «Sustainable Business» республикалық байқауында марапатталды.

07-044-23-01 тобының студенттері Айсар Мали мен Аймағанбетова Айдана академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті ұйымдастырған жоғары оқу орындары студенттерінің инновациялық стартап-жобаларына арналған «Sustainable Business» республикалық байқауына қатысты. Байқау қорытындысы бойынша команда II дәрежелі дипломмен марапатталды.

Байқау бағдарламасы аясында «SIVA – Student Identity Value Access» атты стартап-жоба ұсынылды. Жоба студенттік бірегейлікті қалыптастыру және білім беру мен әлеуметтік маңызы бар ресурстарға қолжетімділікті кеңейту саласында заманауи шешімдерді енгізуге бағытталған. Жоба өзектілігімен, жоғары деңгейде пысықталуымен және практикалық бағыттылығымен ерекшеленеді.

Байқауға қатысу және қол жеткізілген нәтиже студенттердің жоғары дайындық деңгейін, сондай-ақ олардың кәсіпкерлік ойлауын, көшбасшылық қасиеттерін және әлеуметтік жауапкершілігін дамытып отырғанын дәлелдейді.

